

Бағалы қағаздарды оқшаулау аясындағы қарым-қатынас туралы

К Е Л І С І М - Ш А Р Т

XX сәуір 2010 жыл

Алматы қ.

"Қазақстан қор биржасы" АҚ, бұдан әрі **"Биржа"** деп аталушы, атынан Биржа жарғысының негізінде әрекет ететін Биржа Президенті Қ.Қ. Дамитов - бір тараптан, **XXX**, бұдан әрі **"Қатысушы"** деп аталушы, атынан **XXX** негізінде әрекет ететін **XXX**, бұдан әрі әрқайсысы жеке-жеке **"Тарап"** және бірге **"Тараптар"** деп аталып, төмендегілер жөнінде осы Келісім-шартты жасасты.

1. КЕЛІСІМ-ШАРТТЫҢ МӘНІ

1. Осы Келісім-шарттың мәні Қатысушыға тиесілі бағалы қағаздарды Биржа пайдасына, оның Биржа алдындағы міндеттемелерін орындау үшін, оқшаулауға қатысты Тараптар қарым-қатынасы болып табылады (бұдан әрі - Оқшаулау).
2. Оқшаулау объектісі ретінде Биржаның қарастыратын бағалы қағаздар түрлері мен класы Биржаның жеке ішкі құжаттарында анықталған.
3. "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" АҚ-ндағы (бұдан әрі – Орталық депозитарий) Қатысушының депо шотындағы (егер Қатысушының Орталық депозитарийде депо шоты болмаса, онда Орталық депозитарийдегі бағалы қағаздардың атаулы ұстаушысының депо шотында ашылған қосалқы шотындағы) оқшаулау Орталық депозитарийдің қолданылатын ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.
4. Оқшаулау объектісі болып табылатын бағалы қағаздардың Биржа тарапынан бағалануы Биржаның жеке ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.
5. Оқшаулау объектісі болып табылатын бағалы қағаздарды есептеу тәртібі, сондай-ақ Оқшаулау объектісі болып табылатын бағалы қағаздарды басқа бағалы қағаздарға ауыстыру мүмкіндігі (міндеттілігі) мен тәртібі Биржаның ішкі құжаттарында анықталған.
6. Осы Келісім-шартқа сәйкес Қатысушы, Биржа алдындағы өзінің міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Оқшаулаудың объектісі болып табылатын өзінің бағалы қағаздарын соттасудан тыс мәжбүрлеп сатудың сөзсіз, қайтарып алусыз құқығын Биржаға, Биржаның өзі өткізетін сауда-саттықтың басқа қатысушыларының, талаптары Қатысушысының Биржа алдындағы міндеттемелерін орындамауы салдарынан төленбеген, талаптарын төлеу әрекетін орындауға ақша алуы мақсатында береді.

Оқшаулау объектісі болып табылатын бағалы қағаздарды Биржаның сатуы Биржаның жеке ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

7. Егер Қатысушының Орталық депозитарийде депо шоты болмаса (егер Қатысушыға тиесілі бағалы қағаздар Орталық депозитарийдегі бағалы қағаздардың атаулы ұстаушысының депо шотында ашылған қосалқы шотта есептелсе), Қатысушы:
 - 1) бағалы қағаздардың атаулы ұстаушысына осы Келісім-шарттың жасалғандығы туралы хабарлауы тиіс;
 - 2) осы Келісім-шартты жасасу кезінде, Орталық депозитарийдегі бағалы қағаздардың атаулы ұстаушысының депо шотында ашылған өзінің қосалқы шотының деректемелерін осы Келісім-шарттың **1 Қосымшасындағы** форма бойынша Биржаға ұсынуы тиіс; аталмыш деректемелерді бағалы қағаздардың атаулы ұстаушысы растауы тиіс;
 - 3) Орталық депозитарийдегі бағалы қағаздардың атаулы ұстаушысының депо шотында ашылған өзінің қосалқы шоты деректемелерінің өзгеруі туралы және Орталық депозитарийдегі депо шотында Қатысушының қосалқы шоты ашылған, бағалы қағаздардың атаулы ұстаушысының өзгеруі туралы Келісім-шарттың **1 Қосымшасындағы** форма бойынша Биржаға дереу хабарлауы тиіс; аталмыш өзгерістерді (деректемелерді) бағалы қағаздардың атаулы ұстаушысы растауы тиіс.

Биржадан

Қатысушыдан

8. Қатысушының Биржа алдындағы міндеттемелерін орындауда, бұл міндеттемелердің орындалмауына әкеліп соқтыратын, кідірістер туындаған жағдайда Қатысушы мұндай кідіріс туындаған күні Биржа алдындағы өзінің нетто-міндеттемелерінің көлемінде (баламасында) Оқшаулауды жүзеге асыруы тиіс.
9. Егер Биржа Қатысушыға тиесілі, Оқшаулау объектісі болып табылатын, бағалы қағаздарды сатуды жүзеге асырса, Қатысушы:
 - 1) осы бағалы қағаздардың сатылған бағасына қатысты Биржаға кінәрат етпеуге;
 - 2) егер Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарына сәйкес қажет болған жағдайда: сатылған бағалы қағаздарды олардың сатып алушыларына аударуға қажетті барлық құжаттарды Орталық депозитарийге белгіленген мерзімде ұсынуы тиіс.
10. Осы Келісім-шарттың 7 тармағында белгіленген міндеттерді орындамағаны немесе уақытында орындамағаны нәтижесінде туындаған әрбір салдар үшін Қатысушы толық жауап береді.
11. Қатысушы, Келісім-шарттың 9 тармағының 2) тармақшасында белгіленген, міндеттемелерінің орындалмағандығынан туындаған кез келген салдар үшін мұндай орындамаушылықтың нәтижесіндегі Биржаның нақты шығынының екі еселік мөлшерінде жауапқа тартылады.
12. Биржа Оқшаулау объектісі болып табылатын бағалы қағаздарды негізсіз сатқаны үшін, яғни егер Қатысушы Биржа алдындағы өз міндеттемелерінің орындалмауына жол бермеген жағдайда аталмыш бағалы қағаздарды сатқаны үшін жауапкершілікке тартылады. Бұл ретте Биржа Қатысушыға:
 - 1) бағалы қағаздардың сатылған бағасы бойынша олардың құнын;
 - 2) Биржаның жеке ішкі құжаттарына сәйкес анықталған, сатылған бағалы қағаздардың бағасы бойынша оларды сату құны мен аталмыш бағалы қағаздардың нарықтық құны арасындағы теріс айырмашылықты олардың сатылған күнінде өтеуі тиіс.
13. Биржа Оқшаулаудың объектісі болып табылатын бағалы қағаздарды сату бағасы үшін жауапты емес. Аталмыш бағалы қағаздарды сату бағасы мен Қатысушының әділ деп санайтын бағасының арасындағы мүмкін болатын айырмашылыққа қатысты Қатысушы тарапынан кінәратты Биржа қабылдамайды.

3. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

14. Осы Келісім-шарт оған Тараптардың соңғысы қол қойған сәттен бастап немесе Қатысушының, осы Келісімшарттың **1 Қосымшасына** сәйкес ресімделген, Орталық депозитарийдегі бағалы қағаздардың атаулы ұстаушысының депо шотында ашылған қосалқы шотының деректемелерін Биржа алған сәттен бастап (Биржаның аталмыш деректемелері бар хабарламаға қол қойған тұлғалар қолтаңбаларының растығына кінәратының жоқтығы шартымен), аталған оқиғалардың қайсысы кеш орын алғандығына қарай, күшіне енеді.
15. Осы Келісімшарттың шарттары Биржамен ұқсас келісім-шарттарға қол қойған Биржаның өткізетін сауда-саттығының барлық қатысушыларына жалпы болып табылады. Сәйкесінше, осы Келісім-шартқа өзгертулер мен толықтыруларды енгізу Биржаның өзі өткізетін сауда-саттық қатысушыларымен жасасқан ұқсас келісім-шарттарға да осындай өзгертулер мен толықтырулар енгізу жағдайында ғана жүзеге асырылуы мүмкін.
16. Осы Келісім-шарттың әрекеті мерзімсіз және ол кез келген Тараптың бастамашылығымен, Келісім-шартты бұзуға дейін кемінде бір ай қалғанда екінші Тарапқа ол туралы алдын ала хабарлау шартымен, егер де Тараптармен мұндай алдын ала хабарлаудың қысқа мерзімі келісілмесе, бұзылуы мүмкін.
17. Қатысушы Биржа мүшесі мәртебесін жоғалтқан сәттен бастап осы Келісім-шарттың әрекеті автоматты түрде аяқталады.
18. Осы Келісім-шарт орыс тіліндегі екі аутентивтік данада әрбір Тарапқа бір-бірден толтырылған.

4. ТАРАПТАРДЫҢ МЕКЕН-ЖАЙЛАРЫ МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Биржа:	Қатысушы:
050020, Алматы қ., Достық даңғ., 291/3а,	XXX
тел.: 237 53 00;	XXX
факс: 296 64 02,	XXX
СТН 600200049149,	XXX
"Банк ЦентрКредит" АҚ Алматы қалалық филиалындағы 208467710 банк шоты,	XXX
БСК 190501719,	
Кбе 15	
Биржадан	Қатысушыдан
Қ.Қ. Дамитов	XXX

Биржадан

Қатысушыдан

Бағалы қағаздарды оқшаулау
аясындағы қарым-қатынас туралы
келісім-шартқа

1 қосымша

[Қатысушының бланкінде]

"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Х А Б А Р Л А М А

Сіздің алдыңыздағы міндеттемелерімізді қамтамасыз етуге арналған, Сіздің пайдаңызға бағалы қағаздардың оқшаулауы жүзеге асырылатын төменде аталған бағалы қағаздардың атаулы ұстаушысының "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" ЖАҚ-нда ашқан төменде көрсетілген депо шотының қосалқы шотымыздың деректемелерін хабарлаймыз:

Сауда-саттық қатысушысы [атауы]	Парақ
	Бастап қолданылады [күні]
	Бұдан бұрын ұсынылғанға қосымша
	Бұдан бұрын ұсынылғанның орнына

Атаулы ұстаушының атауы	Атаулы ұстаушы депо шотының нөмірі	Атаулы ұстаушы депо шотындағы біздің қосалқы шотымыздың нөмірі

[Лауазымы¹] [қолы] [аты-жөні]

[Лауазымы²] [қолы] [аты-жөні]

М.О.

Жоғарыда келтірілген деректемелерді растаймыз:

[Лауазымы³] [қолы] [аты-жөні]

[Лауазымы⁴] [қолы] [аты-жөні]

М.О.

¹ Биржадағы Қатысушы қолтаңбасының және мөр баспа-таңбасының үлгісі бар, нотариус растаған карточкасына сәйкес Қатысушы атынан бірінші қол қою иесі.

² Биржадағы Қатысушы қолтаңбасының және мөр баспа-таңбасының үлгісі бар, нотариус растаған карточкасына сәйкес Қатысушы атынан екінші қол қою иесі.

³ Бағалы қағаздардың атаулы ұстаушысының атынан бірінші қол қою иесі.

⁴ Бағалы қағаздардың атаулы ұстаушысының атынан екінші қол қою иесі.

Биржадан

Қатысушыдан